



Б А С П А С Ө З М Ә Л І М Д Е М Е С І

Алматы қ.

15 маусым 2018 жыл

KASE Private Market сауда-саттық алаңы іске қосылды

"Қазақстан қор биржасы" АҚ (бұдан әрі – KASE немесе Биржа) 2018 жылдың 15 маусымынан бастап KASE Private Market сауда-саттық алаңының іске қосылғаны туралы хабарлайды.

KASE Private Market сауда-саттық алаңы, жауапкершілігі шектеулі серіктестік (ЖШС) ұйымдастырушылық-құқықтық нысанында құрылған, кіші және орта бизнес субъектілеріне (бұдан әрі – КОБ), көпшіліктік компания мәртебесін алусыз альтернативалық қаржыландыру көздерін ұсыну үшін арналған. Бұл ретте, Сауда-саттық алаңының ережелерімен ЖШС туралы ақпараттар ашудың тиісті деңгейі және, инвесторлар үшін тікелей инвестициялар үшін ыңғайлы әрі қауіпсіз құралын қамтамасыз ететін, ЖШС үлестерін сатып алу–сату мәмілелері бойынша есеп айырысу механизмдері анықталған.

KASE Private Market рұқсаттаманы мынадай негізгі критерийлерге сай, ЖШС алады:

- Аяқталған соңғы екі қаржылық жылдан кем емес уақытта, ЖШС ннім сатудан (қызметтер көрсетуден, жұмыстар орындаудан) т.скен кірістің болуы;
- ЖШС өз қаржылық есеп берушілігін қаржылық есеп берушіліктің халықаралық стандарттарына сәйкес құрастырады;
- ЖШС қаржылық есеп берушілігінің аудитін, Биржа мойындайтын аудиторлық ұйымдардың тізіміне кіретін, аудиторлық ұйыммен жүргізіледі.

"Сауда-саттық алаңының арқасында КОБ субъектілері биржаның қолданыстағы инфрақұрылымы арқылы, инвесторлар үшін компанияның айқындылығын тиісті деңгейін қамтамасыз ететін, қаржыландыру туралы мүмкіндігін алады", – деді өз сөзінде KASE бизнесті дамыту жөніндегі басқарушы директоры Қайрат Тұрмағамбетов.

Биржада арнайы сауда-саттық алаңын құру бойынша бастаманы, 2017 жылдың 12 желтоқсанында болып өткен, кәсіпкерлер, "Private equity нарығын дамыту" Дөңгелек үстелдің шегінде қор нарығына және тікелей инвестициялар қорларына қатысушылар қолдады.

Өз кезегінде "Қазына Капитал Менеджмент" АҚ Басқарма Төрағасының орынбасары Тимур Бегулиев өз сөзінде Сауда-саттық алаңды құру компания үшін Қазақстанда private equity жүйесін дамытуға кедергі болған қор нарығының маңызды компонентінің болмауы сияқты маңызды уақиға болып табылатынын айта кетті. "Бұл Қазақстанда тікелей инвестициялар қорлары негізінен ЖШС нысанында құрылған компанияларға инвестициялауымен байланысты", – деп түсіндірді Тимур Бегулиев.

KASE Private Market инвесторлар үшін ЖШС үлестерінің сауда-саттықтарына қатысу арқылы перспективалық жобаларға қатысудың және өз инвестициялық қоржынжарын диверсификациялаудың жаңа мүмкіндіктерін ашады. Сондай-ақ жаңа сауда-саттық алаңы тікелей инвестициялық қорлары үшін, қаржыландыру тартудың кезеңінде де, сондай-ақ жобадан шығу кезеңінде де, жаңа жеке инвесторларды тарту бойынша көптеген мүмкіндіктер береді.

Жаңа қаржы құралдарын – ЖШС үлестерін – KASE Private Market сауда-саттық алаңында айналысқа жіберуге рұқсаттама берудің шарттары мен тәртібі, мәмілелер жасасу және есеп айырысуларды жүзеге асырудың параметрлері, рұқсаттама алу процедурасынан өткен қатысушыларды төлеуге міндетті алымдардың мөлшері, оларды төлеудің тәртібі мен мерзімдері Биржаның ішкі ережелерінде анықталған:

- KASE Private Market сауда-саттық алаңына қаржы құралдарын жіберу ережелері;
- KASE Private Market сауда-саттық алаңында мәмілелер жасасудың және есеп айырысуларды жүзеге асырудың тәртібі;
- KASE Private Market сауда-саттық алаңындағы алымдар туралы қағида.

Аталмыш құжаттар KASE Директорлар кеңесінің 2018 жылдың 13 маусымындағы шешімімен бекітіліп, 2018 жылдың 15 маусымынан бастап қолданысқа енгізілді.

Анықтама үшін

"Қазақстан қор биржасы" АҚ (KASE) Орталық-Азия өңіріндегі жетекші және өз қызметін Қазақстанның қаржылық нарығында жүзеге асыратын жалғыз қор биржасы болып табылады. Бұл репо нарығының құралдары, мемлекеттік және корпоративтік бағалы қағаздардың, халықаралық қаржы институттарының облигацияларының, сондай-ақ туынды қаржы құралдарының әмбебап сауда-саттық алаңы.

KASE Дүниежүзілік биржалар федерациясының (WFE), Еуро-Азиялық қор биржалардың федерациясының (FEAS) және басқа да халықаралық отандық кәсіби бірлестіктердің мүшесі болып табылады.

2015 жылы KASE БҰҰ "Тұрақты қор биржалары" Бастамасына қосылды. KASE ТМД елдері арасында бағалы қағаздар сауда-саттығының көлемі бойынша екінші орында, ал FEAS биржаларының акциялар нарықтарының капитализациясы бойынша алтыншы орында.

Қосымша ақпарат: +7 (727) 237 5342, pr@kase.kz